



Автор: Сундеткалиев Алибек Сундеткалиевич

Пән: Дене шынықтыру

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Командалық ойынның негізгі дағдысы

Тақырып: Қауіпсіздік ережесі Орында және қозғалыста орындау жаттығулары

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.3.4.4 Денсаулыққа кері әсерін тигізуі мүмкін қауіп-қатерді төмендету, сондай-ақ техника қауіпсізді бойынша техника қауіпсіздігінің күрделі мәселелерін түсіне білу
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар келесіге қабілетті: Қауіпсіздік ережелерді біледі Шапшаңдыққа, ептілікке, тез шешім қабылдауға, төзімділікке тәрбиелену. Оқушылар көпшілігі келесіге қабілетті: Оқушылар жұппен және топпен тиімді жұмыс істеп, қарапайым жаттығулар тактика -стратегиясын құрып талдап саралай алады Кейбір оқушылар келесіге қабілетті: Оқушылар ойындағы әр түрлі қозғалыс әрекеттерін біледі, күрделі жаттығулар комбинацияларын құрып бағалай алады.
Жетістік критерийлері	Оқушы төмендегі критерийлерді орындаса, оқу мақсатына жетеді - Оқушылар Қауіпсіздік ережесін орындау туралы біледі - Ойында жіберген қателіктерін саралайды және өз - өздеріне баға бере алады. - Оқушылар жұпта және топта тиімді жұмыс жасап комбинациялар құрып орындай алады.
Тілдік мақсаттар	• Оқушылар: ойындар олардың жеке де, сондай-ақ командалық та физикалық дағдыларын дамытуға көмектесетіндігі туралы өз түсініктерін көрсете және сипаттай алады.
Құндылықтарды дарыту	Сабақ кезіндегі оқушылардың бір біріне деген сенімділігін арттыру, әділ жұмыс жасауға бейімдеу сыныптасына деген көмек көрсету
Пәнаралық байланыстар	Тілді дамыту, қарым-қатынас, талқы, зерттеу дағдылары. Сабақты физика Геометрия пәнімен байланыстыру.
АКТ қолдану дағдылары	Оқушыларға волейбол ойыны туралы видео көрсету Интернет https://www.youtube.com/watch?v=qeXH9EBud0A
Бастапқы білім	Оқушыларда алдыңғы сабақтардан, сондай-ақ сабақтан тыс әрекет мәнмәтінінде алынған командалардағы өзара әрекеттесу тәжірибесі бар.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 10	Оқушыларды қатарға тұрғызу сәлемдесу, рапорт қабылдау, сабақ мақсаттарымен таныстыру. Бір орында оңға, солға, кері бұрылу алаң шетімен қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен және қолды белге қойып өкшемен жүру. Аяққа толық отырып, қарапайым жүріс және қолды иық тұсынан айналдырып отыру. Жүруден жүгіріске өтіп алаң шетімен жүгіру. Сергіту сәті: «Спорт түрін тап»	Әрбір қызмет түрі үшін үлкен бос кеңістік. мұғалім үшін уақыт өлшегіш ысқырық

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтыңортасы 25	(С, Тәж, Т) Сынып екі командаға бөлінеді. Біріншісі еркін түрде волейбол алаңының бір жағына орналасады. Оқушылар алаңның екі жартысына екі-үш қатардан тұратын, қатысушыларының саны тең екі командаға бөлінеді. Әр команда волейбол добын алады. Белгі бойынша ойыншы тор арқылы допты беруді орындайды. Бірінші команданың кез келген ойыншысы допты қабылдап, өзінің серіктестерінің біріне беруі тиіс, ал ол – допты қағып алуы керек. Егер оны допты қағып ала алса, бірінші команда бір ұпай алады. Екінші команданың барлық ойыншылары допты беруді орындап болғаннан кейін, командалар орын ауысады. Көбірек ұпай жинаған команда жеңіске жетеді. Тапсырма Білім алушылардың өздеріне жеке-жеке жұмыс жасауға мүмкіндік беріңіз, яғни әрбір білім алушыға бір-бірден волейбол добын беруді және допты астынан ойынға қосу әдісін Тапсырма Білім алушылардың өздеріне жұмыс жасауға мүмкіндік беру, яғни волейбол допты беру, Дескриптор Білім алушы – өз жоспарымен серіктесімен бөліседі; – өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін қолданады; – қателіктерін түзете алады.	Волейбол доптары, волейбол торлары, бос ойын кеңістігі, мұғалімге арналған ысқырық
Сабақтың соңы 5	Жүрек соғысын тексеру. Соңында оқушылар рефлексия жүргізеді: Оқушылар, жаттығу барысында қателескен оқушылар саптан бір қадам алға шығады қатесін ортаға айтады, түзейді. Видео қайталау арқылы бір-біріне баға береді	Бос кеңістік, Түрлі түсті маркер
Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы
рефлексия	кері байланыс: білемін, білдім, білгім келеді	смайлик арқылы